Мектеп асханасын жалға алушыларды іріктеу жөніндегі комиссия отырысының
ХАТТАМАСЫ 2
(Конкурс нәтижелер қайта қарау туралы)

Өткізілген күні: «14» сәуір 2026 жыл
Уақыты: 15:30
Өткізілген орны: «М.Дауленов атындағы мектеп – интернаты» КММ

Қатысушылар:

Комиссия төрағасы: Мектеп-интернат директоры Ерзин Дамир Ерзинулы

Комиссия хатшысы: мектеп – интернат іс-жүргізушісі Туякбаева Акгуль Бакытбековна

Мемлекеттік сатып алу порталы бойынша хатшысы: Омирзакова Анар Советбековна

Комиссия мүшелері:

1. Агажанова Айгул – мектеп медбикесі
2. Дажай Жанаргүл – әлеуметтік педагог
3. Нургалиева Аққербез – Аудандық білім бөлімінің әдіскері

Күн тәртібі:

«ЖК Абдуллаев Улугбек Сабирович» тарапынан түскен шағымды қарау және 06.04.2026 жылғы өткен №1 конкурстық комиссия хаттамасының қорытындысын қайта қарау.

I. СИПАТТАМА БӨЛІМІ:

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 44),45 бабының 2 тармағын, 47 бабының 3 тармағын және «Мемлекеттік мүлік туралы» заңының 74 бабын, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдар туралы» заңының 6 бабының, 8 тармағын, сонымен қатар Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы №ҚР ДСМ-76 бұйрығыныңм «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларымен санитариялық-эпидемиологиялық талаптарына сәйкес және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 08 маусымдағы №235 бұйрығымен жаңа редакцияда бекітілген Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №598 бұйрығына және мектеп талаптарына сәйкес келетін жеңімпазды анықтау.

Комиссия төрағасы хабарлағандай, 06 сәуір күні өткен конкурс нәтижесіне сәйкес жеңімпаз болып «ЖК Бакирова Зульфия Рифхатовна » танылған болатын. Алайда, «ЖК Абдуллаев Улугбек Сабирович» тарапынан конкурстық құжаттарды бағалау кезіндегі сәйкессіздіктер бойынша шағым түсті. Сол себепті, комиссия отырысы қайта құжаттарын қарап шығу тиіс.

ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 598 бұйрығына сәйкес, комиссия мүшелері ұсынылған құжаттарды, соның ішінде аспаздардың жеке құжаттарын қайта зерделеді.

Тыңдалды:

Төраға Ерзин Дамир Ерзинулы: Отырысты ашып, мектеп асханасына қызмет көрсету үшін конкурстық негізде екі үміткердің құжаттарын қайта қарау керектігін хабарлады:

Үміткер №1: ЖК Бакирова Зульфия Рифхатовна

Үміткер №2: ЖК Абдуллаев Улугбек Сабирович

Комиссия мүшесі Нургалиева Аққербез:

ЖК У.С.Абдуллаев Шығыс Қазақстан облысында 1(бір) жыл ғана жұмыс істегені уақыты үшін бағаланғандығына балл қойылсын. Аспаздары М.Троеглазова Казцинкте жұмыс істейтіні, Г.Седыхта жұмысқа тұру бұйрығы бар, бірақ еңбек кітапшасында жазба

жоқтығы, Е.Бикинеев ЖК Уатхановада жұмыс істейді (еңбек кітапшасы бойынша), Қ.Болатұлы жұмысқа қабылдау бұйрығы бар, бірақ еңбек кітапшасында жазба жоқтығы және Г.Балшабекова жұмыс істейтін бұйрығы бар, бірақ еңбек кітапшасы салынбаған.

ЖК З.Р.Бакирова бойынша: О.Чернышева еңбек кітапшасы жоқ, неке куәлігінің көшірмесі скан жасалған түпнұсқа емес, Е.Очеретькода еңбек кітапшасы жоқ. Еңбек өтіліне 1 балл ғана беріледі.

Талқылау:

№1 Үміткер ЖК Бакирова Зульфия Рифхатовна бойынша:
Кемшілігі: 2022 жылғы жалға алу келісім шартының жоқ. Тауасарова Линдана атты ас үй бөлме жұмысшысы болып бір ай жұмыс атқарып жұмыстан босатылғаны анықталды. Зейнетақы аударымдарынан үзіндеме салынбаған. Аспаз құжаттарында кемшіліктер орын алды сол себепті тиісті заң аясында бағаланды.

№2 Үміткер ЖК Абдуллаев Улугбек Сабирович бойынша:
Оң жақтары: Аспаздары еңбек өтілі жақсы 6 (алты) аспаз ұсынған.
Кемшілігі: ШҚО аймағындағы жұмыс тәжірибесі жеткіліксіз, бір аспаз құжаты талапқа сай келмеді. Жалпы жұмыс тәжірибесіне салған құжаттар құрамында кейбір құжаттар құрамы талапқа сай салынбаған.

№	Бағалау критерийлері	ЖК Бакирова Зульфия Рифхатовна	ЖК Абдуллаев Улугбек Сабирович
1	Осы саладағы жұмыс тәжірибесі	5 балл	1 балл
2	Аспаздар тәжрибесі	6 балл	6 балл
3	Аспаздар жұмыс өтілі	3 балл	4 балл
	Жалпы орташа балл	14 балл	11 балл

ШЕШІМ:

Комиссия мүшелері үміткерлердің құжаттарын қайта зерделеп, аспаздардың жеке құжаттарындағы сәйкессіздіктерді талқылай келе, «ЖК Абдуллаев Улутбек Сабирович» тарапынан түскен шағым негізсіз деп танылсын.

06.04.2026 жылы өткен №1 конкурстық комиссия хаттамасының қорытындысы өзгеріссіз қалдырылсын.

Конкурстық құжаттарды және ұсыныстарды ескере отырып, **ЖК Бакирова Зульфия Рифхатовна** мектеп асханасын жалға алушы ретінде бекітілсін.. Екінші үміткерге конкурс нәтижесі туралы ресми жауап берілсін.

Комиссия төрағасы: Д.Е.Ерзин

Комиссия хатшысы: А.Б.Туякбаева

Комиссия мүшелері: 1. А.Т.Агажанова

2. А.С.Нургалиева

3. Ж.Қ.Дажай